

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Қобыланды батыр атындағы орта мектеп»
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

Қобда ауданы, Қобда ауылы

22 мамыр 2023 жыл

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары және Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының кестесіне сәйкес Қобда ауданының Қобда ауылы Қобыланды батыр атындағы орта мектеп бойынша өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізді.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1) Мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қобыланды батыр атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Пайдалануға берілген жылы: 1973 жылы сыйымдылығы 536 орын.

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда ауылы, Астана көшесі 70 ғимарат.

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: 871 341 21-1-44, электронды поштасы gssh_kobda@mail.ru

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Балгарина Гулбарам Капеновна 2000 жылы 13 қараша №32 бұйрықпен тағайындалған.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Ақтөбе облысының әділет департаменті Ойыл ауданарлық әділет басқармасы 2021 жылы 15 қаңтарда берілді, БСН-970240000473.

6) Рұқсат беру құжаттары: жалпы білім беру саласында білім беру қызметін жүргізуге 05.02.2022 ж № KZ 27LAA00022219 лицензиясы мерзімі шектелмеген уақытқа берілген.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қойылатын талаптар:

1) Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖБС талаптарына сәйкес Қобыланды батыр атындағы орта мектебінде оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;

2) оқу және оқыту;

3) білікті қызметкерлердің болуы;

4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;

5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепте білім берудің мазмұнына

қойылатын талаптар: мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, орта және орта жалпы білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ бұйрықтары мен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының нұсқаулық хаттарына, ҚР орта жалпы білім берудің

бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне және облыс әкімдігінің 23.12. 2020 жылғы №469 қаулысымен бекітіліп мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.

2022-2023 оқу жылындағы білім беру кеңістігінің моделі орыс және қазақ тілдерінде оқытатын 21 сынып-жинақтармен ұсынылған. Бастауыш сынып -8 жиынтықтан тұрады. Орта буын 10 сыныптан тұрады. Оқитудың жоғарғы сатысында жаратылыстану - математикалық бағыттағы 3 сынып жұмыс істейді. Мектеп бойынша кластардың орташа толымдылығы – 17 оқушы. Мектепте 56 мұғалім (бала күтімі демалысындағы 3 педагогті қоса алғанда) қызмет етеді,

сапалық құрамы 94%. Мектеп ғимараты екі қабатты, жалпы көлемі 2383,6 шаршы метр. Мектепте оқу процесін ұйымдастыруға бағытталған оқу 18 кабинеті, кітапхана, акт залы асханамен біріктірілген. Жаңа модификациядағы кабинеттер мультимедиялық, биология, физика толық жабдықталған. Мектепте 2019 жылдың 28 қазан Ақтөбе облысының Денсаулық сақтау Басқармасы тарапынан медициналық қызметпен айналасуға рұқсат берілген сериясы №10659 мемлекеттік лицензиясы бар медициналық кабинет қызметжасайды. Ғимарат автономды жылу жүйесімен (газ) жұмыс жасайды. Мектептің айналасы қоршалған, көгалдандырылған. Мектеп ауласында жылыжай орналасқан.

Мектеп директоры аудандық білім бөлімімен келісе отырып іс жүргізу бойынша істер номенклатурасын бекітті: штаттық кесте, мұғалімдер мен қызметкерлердің жеке істері, еңбек кітапшалары, еңбек шарттары, мұғалімдер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, жеке құрам және негізгі қызмет бойынша бұйрықтар кітаптары. Жалпыға міндетті оқу мәселесі бойынша 2003 жылы басталған, 102 бетке нөмірленген және тігілген алфавиттік кітап, оқушылардың қозғалысы бойынша бұйрықтар кітабы, кету, келу талондары, оқушылардың жеке істері, білім алушылардың үлгерім табельдерін есепке алу кітабы 99 бетке нөмірленген және тігілген, үлгерім табельдері, сондай-ақ курсты аяқтағаны туралы куәліктерді есепке алу және беру кітаптары бар жалпы орта мектеп туралы, мақтау қағаздарын және мақтау қағаздарын беруді есепке алу кітабы. Мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында – мектеп оқушыларын есепке алуды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау. Оқушылар контингенті бойынша электрондық деректер базасы жүргізіледі. Оқуға қабылдау туралы бұйрықтардың уақтылы шығарылуы қамтамасыз етіледі. Барлық оқушылардың жеке істері мен медициналық карталары бар. Бағаланатын кезеңдерге жаңа оқу жылына дайындық актісі жасалған. «Өртке қарсы қауіпсіздік талаптарының орындалуы, «Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет» туралы жауапты мекемелер рұқсаты бар. 2022-2023 оқу жылының Жұмыс оқу жоспары мектеп директоры тарапынан бекітіліп, Қобда аудандық білім бөлімімен және келісілген.

Оқу жоспарларының инвариантты, вариативті компонентіндегі міндетті пәндердің апталық сағат сандары нақты көрсетілген. Барлық вариативтік компоненттен берілген курстардың күнтізбелік жоспарлары бекітілген. Вариативтік компонент пәндері электронды журналдың «Қосымша білім беру(ҚББ)» бөліміне салынды. Электронды журналда мерекелік күндерге түскен тақырыптар «/» арқылы біріктірілді.

2022-2023 оқу жылы бойынша МАД тобы, 1-11 сыныптар үшін электронды журнал Kundelik.kz жүргізілді. Барлық пәндер бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспарлау (КТЖ) жарияланып, күні бойынша үлестірілді. Электронды журналда мерекелік күндерге түскен тақырыптар «/» арқылы біріктірілді. Бағдарламаның орындалуы 100%.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру, рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

Мектептегі тәрбие процесі -өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жүзеге асыруға бағдарлау мақсатында мұғалімдер мен балалардың өзара әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысы келесі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде құрылған:

- 1.ҚР Конституциясы
2. Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы
- 3.2011 жылғы 26 желтоқсандағы " Неке және отбасы туралы " Қазақстан Республикасының Кодексі.
4. "ҚР Бала құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы ҚР Заңы.
- 5."Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІV ҚР Заңы
6. 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI "Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" ҚР Заңы
7. ҚР заңы "білім Туралы" 27 шілдедегі 2007 жылғы

8. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

9. ҚР БҒМ бұйрығы 15.04.2019 жылы № 145 бекіткен "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

10. ҚР БҒМ 12.06.2020 ж. № 248 бұйрығымен бекітілген, өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері

Тәрбие жұмысының жыл сайынғы жоспарлары мынадай бағыттарды қамтиды:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие
8. Дене тәрбиесі

Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптардың: отбасының, мектептің, қоғамның кең қатысуымен кешенді түрде жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

2021-2022 оқу жылында мектепте келесі жобалардың жұмысы ұйымдастырылды:

"Мектеп Парламенті" (02.09.2023 ж. № 62 бұйрық), "Парасат" дебат клубы (02.09.2023 ж. №159 бұйрық), "Оқуға құштар мектеп" жобасы (02.09.2023 ж. № 55 Бұйрық.), "Дәстүр мен ғұрып" (02.09.2023 ж. № 58 бұйрық), "Аналар мектебі" (02.09.2023 ж. № 169 бұйрық), "Әкелер клубы" (02.09.2023 ж. №160 бұйрық), "Балалар және театр" (02.09.2023 ж. №175 бұйрық), "Қоғамға қызмет" еріктілер клубы (2023 жылғы 02.09 № 173 бұйрық)

«Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезімді, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуды қарастырады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 2022-2023 оқу жылында «Туған елге тағзым» жалпыреспубликалық экспедициясын,

«Тарих тағылымы» мен «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобаларын,

«Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» («Қазақстанның киелі географиясы») жобасын қамтитын «Ұлы дала мұрагерлері» жобасын іске асырып жалғастыруда.

«Жас қыран» (1-4-сыныптар), «Жасұлтан» (5-10-сыныптар), «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтары, балалар мен жасөспірімдер қозғалысының қызметін ұйымдастырылып білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамытуға негіз болды.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған. Осы жоба шеңберінде білім беру ұйымдарында заманауи әдістемелер негізінде білім беру және тәжірибеге бағдарланған іс-шаралар өткізілуде.

Жоғары сыныптарда білім алушыларды құқықтық-жауапкершілік нормаларымен шаралар арқылы таныстырылуда.

Рухани-адамгершілік тәрбие – адамгершілік келбеті, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдылық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық сияқты құндылықтарды қалыптастырады.

Мектептегі білім алушылар «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасын – «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акцияларды жүзеге асыруға кеңінен қатысуда.

Бұл іс-шараларды «Қазақстанның ұлы ақындары мен жазушылары»,

«Адамзаттың ұлы ұстаздары», «Қазақстанның ұлы ойшылдары мен философтары» атты әдеби кеш, «Сұлулық әлемді құтқарады» атты поэтикалық кеш, «Жақыныңа жанашыр бол» атты әдеби-музыкалық композициялар, «Махаббат – адам өмірінің негізі», «Мейірімділік – адамның асыл қасиеті» атты рухани-адамгершілік мазмұндағы тестілер мен сұхбаттар түрінде ұйымдастырылды.

2022-2023 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («Кітап оқу – сән») арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жұмысын жүргізуде.

Жобаның негізгі бағыттары өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруды, оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыруды, оқырмандар қауымдастығын қалыптастыруды, іс-шараларға ата-аналарды қатыстыруды көздейді.

Мектеп сайтында үздік балалар әдебиеті мен мектеп әдебиетіне арналған түрлі сервистер, балалар мен жасөспірімдердің кітап оқу үрдісін кеңейту бойынша ресурстар (интернет-викториналар, сервистік ұсынымдар, кітапханалар туралы ақпарат және т.б.) ұсынылуы тиіс. Әрбір мектепте және отбасында 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырылды. Мектеп холдарында үлкен үзілістерде кітап оқуды ұйымдастыру үшін «Буккроссинг» бұрыштарын құрылды. Кітаптарды электронды форматта, соның ішінде мобильді құрылғылардың көмегімен оқу мүмкіндіктерін кеңейтетін, балаларға әдебиетті таңдауда дұрыс бағдар алуына көмектесетін, кітап оқуға құмар балалар санын арттыратын жаңа электронды ресурстарды пайдаланады.

Ұлттық тәрбие аясында жаңа оқу жылында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында цифрлық дәуір ерекшеліктерімен байланыстыра отырып «Дәстүр мен ғұрып» жобасы іске асырылуда.

Аталған бағыт шеңберінде: «Менің Отаным – Қазақстан» (балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамыту, экспедициялар, саяхат, экскурсиялар ұйымдастыру), «Тарих мұрасы», «Өз жеріңді таны» (өлкетанулық білімі мен мектеп туризмін, тарихи-археологиялық қозғалысты жандандыру, туған өлкенің тарихын, мәдениетін, дәстүрін терең зерттеу) «Табиғатым – тал бесігім» (туған жерге жауапкершілікпен, аялап қарау) жобаларын жүзеге асырылуда.

«Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде өзінің кәсіби саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген табысты адамдардың өмірі мен қызметі жайында таныстырылды, білім алушылар арасында кәсіптік бағдарлау жұмысы жүргізілді, еңбектің құндылығы жаңа деңгейге көтерілді.

Оқушыларды еңбекке тәрбиелеу әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылуда: қолөнер көрмесі, мектеп маңайын және ауылын көгалдандыру мен абаттандыру, шеберлер турнирі, игі істер апталығы, көңілді шеберлер қаласы, еріктілер актісі, қамқорлық

көрсету аймағы, еңбек десанты және тағы сол сияқты іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылуда.

Оқушылар өзін-өзі кәсіби анықтауында мамандық таңдауына көмектесетін «Мамандық таңдау уақыты» бейне блогерлер байқауы, «Мен- кәсіптер әлемінде» әдеби байқауы (эссе), «Мамандық: кеше, бүгін, ертен» байқауы, «Мұндай мамандық бар» презентациялар конкурсы сияқты іс-шаралар жүйесін өткізу жоспарда.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғамды қалыптастыруға көмектеседі.

Осы бағытты іске асырудың негізгі тетіктері – балалар мен жастар жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру, халықтар достығы фестивалдері, тілдік және шығармашылық клубтар, конкурстар; танымал адамдармен, өнер қайраткерлерімен кездесулер. Жыл сайын тәрбие жұмысының жоспарына білім алушыларды көп мәдениетті тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларды (толеранттылық сабақтары, Әлем күніне арналған акциялар, Халықаралық бейбітшілік күніне арналған бірыңғай ақпараттандыру сағаты және т.б.) енгізіледі.

Көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, музыкалық шығармаларды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды оқыту және ілгері дамыту үстінде. Сонымен қатар тұрақты жұмыс істейтін тақырыптық кітап көрмелерін өткізілуде. Оқушыларды театр өнері әлеміне тарту мақсатында мектепте «Балалар және театр» ағартушылық жобасы жүзеге асырылуда.

Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершіліктен қарау құндылығын қалыптастырады.

Мектепте бұқаралық спорт түрлері (футбол, волейбол, баскетбол, ұлттық спорт түрлері: асық ату, тоғызқұмалақ,) бойынша мектептік спорт лигалар желісі мен спорт секцияларын кеңейтілуде. Ұлттық және бұқаралық спорт түрлері бойынша ұлттық спорт лигаларын, қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша оқушылар спартакиадасын өткізу жоспарда.

Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау, нашақорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, АИТ/ЖИТС-тің алдын алу және салауатты өмір салтының негіздері бойынша семинар-тренингтер өткізілуде.

Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері

Мектеп оқушыларының аудандық, облыстық, республикалық «Зерде» байқауының көрсеткіштері:

Оқу жылы	аудан	облыс	республика
2022-2023	3 оқушы - 1 орын	1 оқушы - 2 орын	-
	1 оқушы - 2 орын	3 оқушы - 3 орын	
	4 оқушы - 3 орын		

Мектеп оқушыларының аудандық, облыстық, республикалық пәндік олимпиаданың көрсеткіштері:

Оқу жылы	аудан	облыс	республика
----------	-------	-------	------------

2022-2023	5 оқушы - 1 орын	1 орын – 1 оқушы	
	2 оқушы - 2 орын	3 орын- 2 оқушы	
	1 оқушы - 3 орын		

Оқушылардың зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері

Оқу жылы	аудан	облыс	республика	халықаралық
2022-2023	17	9	5	0

Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері халықаралық немесе республикалық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының, жүлдегерлер үлесі - "Uzdik" деп бағаланады.

Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері

Оқу жылы	аудан	облыс	республика	халықаралық
2022-2023	9	1	0	0

Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстырға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижесі - "Zhaqsy" деп бағаланады.

(Оқушылардың аудандық, облыстық, республикалық байқаулар мен олимпиадалар, шығармашылық жарыстар мен зияткерлік олимпиадалар, конкурстарға қатысу нәтижелерінің кестесі және диплом көшірмелері қоса жалғанады)

Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

Білім алушылар саны 20 \ ауыл мектептер үшін \ және одан артық болғанда пәндер бөлініп оқытылады:

1-4 сынып

- 1) орыс тілі қазақ кластарында
- 2) қазақ тілі орыс кластарында
- 3) ағылшын тілі
- 4) цифрлық сауаттылық
- 5) өзін-өзі тану бойынша

5-11 сынып

- 1) орыс тілі мен әдебиеті қазақ кластарында
- 2) қазақ тілі мен әдебиет орыс кластарында
- 2) ағылшын тілі
- 3) көркем еңбек
- 4) информатика
- 5) дене шынықтыру

ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі Үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша 251 бейнеконте нт түсірілді.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі).

2022-2023 оқу жылында 29.08.2021 жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен ІІ-сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 33 қосымша) негізінде білім алуда.

Инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып жеке оқу жоспары мен жеке оқу бағдарламасын іске асыру

№	2022-2023
1	11

2020-2021 оқу жылында 2 «Б» сыныбының 1 оқушысы(Христ Николай) үйде білім алды, апталық жүктемесі-14 сағат. ПМПК қорытындысы бойынша жеке оқу бағдарламасы арқылы жалпы білім беретін оқу бағдарламасы арқылы инклюзивті оқыту-4 оқушы білім алды. 2 «А» сыныбының 1 оқушысы(Болатов Асылжан) инварианттық оқу жүктемесі -23 сағат, түзету компонентті -9сағат, вариативті оқу жүктемесі - 2 сағат.4 сыныптың 1 оқушысы(Айтчанов Данилл) инварианттық оқу жүктемесі -26 сағат, түзету компонентті -9сағат, вариативті оқу жүктемесі - 3 сағат.5 «Б» сыныптың 1 оқушысы(Ганулич Александр) инварианттық оқу жүктемесі -31 сағат, түзету компонентті -7 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 1 сағат. 7 «Б» сыныптың 1 оқушысы(Есиноманов Филип) инварианттық оқу жүктемесі -34 сағат, түзету компонентті -5 сағат.

2022-2023 оқу жылында 4 «Б» сыныбының 1 оқушысы(Христ Николай) үйде білім алып жатыр, апталық жүктемесі-8 сағат. ПМПК қорытындысы бойынша жеке оқу бағдарламасы арқылы жалпы білім беретін оқу бағдарламасы арқылы инклюзивті оқыту- 10 оқушы білім алып жатыр.

мектепалды даярлық топ 1 оқушы (Айтқали Амир) оқу жүктемесі 18 сағат. 1 "Б" сыныбының 1 оқушысы (Сатыбалды Әлімжан) инварианттық оқу жүктемесі 22,5 сағат, вариативті оқу жүктемесі 1 сағат. 4 «А» сыныбының 2 оқушысы(Болатов Асылжан, Базарбай Мансур) инварианттық оқу жүктемесі -27 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 1сағат. 2 «А» сыныбының 3 оқушысы(Бахитова Амина, Кальниязов Бақтияр, Баймен Ернар) инварианттық оқу жүктемесі -24 сағат, вариативті оқу жүктемесі -1 сағат. 7 «Б» сыныптың 1 оқушысы(Ганулич Александр) инварианттық оқу жүктемесі -29 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 1 сағат. 2 «Б» сыныптың 1 оқушысы(Носова Полина) инварианттық оқу жүктемесі -24 сағат, вариативті оқу жүктемесі - 1 сағат. 3 "А" сыныбының 1 оқушысы(Казимов Айдын) инварианттық оқу жүктемесі 27 сағат, вариативті оқу жүктемесі 1 сағат. (бағаланатын кезеңге жоспар мен бағдарламаның көшірмелері қоса жалғанады)

ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру 2022-2023 оқу жылында вариативті компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

Сыныбы	Вариативті компонент	Тақырыбы
1 А	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	Математика әлемі
2 А	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	Математикалық сауаттылық
3 А	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және	Қызықты математика

	топтық сабақтар	
4А	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	Математика және логика
5А	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Парасаттылық және әдеп
5Б	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Добропорядочность и этика
6 А	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Экология
6Б	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Экология
7 А	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Эмоционалды интеллект және сыни ойлау
7Б	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Эмоциональный интеллект и критическое мышление
8А	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Медиасауаттылық
8Б		Медиаграмотность
9 А	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Зайырлылық және дінтану негіздері
9Б	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Светскость и религиоведение
10 А	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері
10А		Химия пәнінен есептерді шығару
10Б	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері
11	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері

(бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі)

«Өмір қауіпсіздігі негіздері» міндетті оқу курсының мекені;

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны бағаланатын кезеңде ҚР БЖҒМ -нің 2018 жылғы 31 қазандағы №604бұйрығына сәйкес 1-4 сыныптарда «Дүниетану» пәні аясында (1-3 сыныптарда 6 сағат, 4 сыныпта 10 сағат) жүргізілсе, 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды. 10 сыныптарға жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі – 16 сағатты құрайды. (оқыту алғашқы әскери дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушыларының оқытуымен жүзеге асырды.) және сабақ уақытында жүргізілді. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" kundelik электрондық журналға тақырыптары енгізілді.

Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәлімет

56 педагогтың негізгі жұмыс орны осы мекеме болып табылса, 5 педагог қосалқы қызмет атқарады (Каратаев Е.Б., Оразмбетова Ұ.Ж., Базарова Н.Г., Жаксылыкова Ж.А., Елусинова А.Ж.).

Педагогтердің оқытатын пәні дипломына сай келуі-100%.

Сотталмағандар саны-56 (100%).

Мұғалімдердің білім деңгейі:

	1-4 сынып			5-11 сынып		
	Мұғалімдер саны	Жоғары білімді	Арнайы орта білімді	Мұғалімдер саны	Жоғары білімді	Арнайы орта білімді
2022-2023	12	11 (92%)	1 (8%)	44	44 (100%)	

Жоғары және бірінші санаты бар мұғалімдердің үлесі 2022-2023 оқу жылында – 65,1%(28 мұғалім) 37 құрады. 66% (37 мұғалім)

Білім алушылар контингентінің құрылымы

2022-2023 оқу жылы бойынша контингент саны 400 оқушы, соның ішінде

Бастауыш мектепте - 173 оқушы (8 класс-комплект)

Негізгі мектепте – 192 оқушы (10 класс-комплект)

Орта мектепте – 35 оқушы (3 класс-комплект).

Бағаланатын кезеңдер бойынша:

Оқу жылы	Класс комплект	Жалпы оқушы саны	Бастауыш мектеп 1-4 класс	Негізгі мектеп 5-9 класс	Орта мектеп 10-11 класс
2022-2023	21	400	173 8 класс/комплект	192 10 класс/комплект	35 3 класс/комплект

Оқу сапасы

Мектептегі білім беру жүйесінің жұмыс істеу нәтижелері білім алушылар мен тұлғалардың білім сапасымен, жетістік деңгейімен және әлеуметтену деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжымның алдында білім беру ортасының инновациялық әлеуеті негізінде қызметтің сапалы көрсеткіштерін үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету міндеті тұр. І жартыжылдық қорытындысы бойынша үлгерімі 100%, білім сапасы – 61%, үлгере алмайтындар жоқ. (2020-2021 оқу жылынан бастап 1 -сыныптар бағаланбайды).

2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтауы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2017.24-сәуірдегі № 182 бұйрығының 10-тармағына сай үй тапсырмасын (бір оқу күнінде) орындауға кететін уақыттың көлемі:

Сыныптар	2 сынып	3 сынып	4 сынып
Шекті уақыт	50 минут	70 минут	70 минут

Электрондық немесе қағаз түріндегі сынып журналына «Үй тапсырмасы» бағанында Ұсынымдарға қосымшаға сәйкес уақытты ескеріп жазу туралы айтылған. Қобыланды батыр атындағы орта мектебі бойынша педагогтерінің осы талаптарды орындауы, 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтауы «Күнделік» электронды журналы арқылы анықталды. Бағаланатын кезеңге 2,3,4 сыныптар үшін үй тапсырмасына қойылатын талаптар сақталған, яғни 2-сыныпта 50 минуттан, 3-сыныпта 70 минуттан, 4-сыныпта 70 минуттан аспайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған. Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Модерация хаттамалары жинақ папкаларында жасакталған. Мектеп директорымен бекітілген модерация отырысының мүшелер тізімі жасалған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді. Әр сабақ бойынша мұғалімнің қалауымен, оқушының сабақтағы оқу мақсатына жетуіне орай қалыптастырушы бағалар қойылған. Электронды журналда жүргізілген жұмыстардың баллдары қойылған, жинақтамасы бойынша оқушы қорытындысы шығарылған.

